

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ЗАТТЫҚ ДАМУШЫ Орта Арқылы Балардың Сөйлеу Тілін Дамыту

Жолдас Ұлдана

uldana.zholdas@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»

мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс [1].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" сәйкес бұйрығына жүзеге асырылады.

Баланы дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу арқылы тілді сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін игереді. Соның нәтижесінде мектеп жасына дейінгі бала тілді меңгеріп алатындығы сондай, оны қарым-қатынас құралы ретінде еркін пайдаланады.

Заттық-дамытушы ортаны құру компоненттерінің қажеттігі, басқа да білім беру ұйымдарынан өзгешілігі, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үрдістердің ерекшелігі. Мектепке дейінгі педагогика-бұл МДҰ педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың теориясы мен жеке бағыттары. педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда міндетті түрде аталған мәселеге, яғни көрсетілген талаптары мен айқындалған зоналарға жеткілікті көңіл бөлу. Заттық-дамытушы орта - педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.[3]

Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады. Заттық-дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де, мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепте оқуға даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым- қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық- дамытушы орта ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балаға дамытушы заттық орта не үшін қажет?

Жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет балаға белсенділігін, қоршаған ортаны еркін тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашыл бейнелеуге деген ынтасын қалыптастырады. Бұл кеңістіктің көлемі мен ұйымдастырылуы баланың жас ерекшеліктерімен байланысты. Заттық-дамытушы орта тәрбиешіге не үшін қажет? Мектепке дейінгі баланың жеке және жалпы дамуын жүзеге асырудағы тәрбиешіге өте сапалы көмекші құрал болып табылады. Дамытушы орта балалардың алуан түрлі және мақсатқа бағытталған белсенді әрекеттерінің көптеген мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында құрылады. Балалардың

әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы кеңістік ретінде тәрбиешіге қызмет көрсетеді, тәрбиелеу үдерісіне ықпал етеді.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі - орта. Орта - баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық кеңістіктегі орта мектепке дейінгі баланың белсенділігі ғана емес, өздігімен әрекетін, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді. Ересектер баланы өнерге баулығанда жеке тұлғаның эстетикалық және өнегелік жағынан дамуына, оның «ізгіленіп, өнерден бірлесіп ләззат алуына жағдайлар жасайды». Жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің қағидалары мектепке дейінгі ұйымды дамытушы орта құрудың мына ұстанымдарын қамтиды:

- аралықтар, өзара әрекеттестік кезіндегі орныққан орындары;
- белсенділік, дербестік, шығармашылық;
- тұрақтылық-ұтқырлық;
- жинақылық пен оңтайлылық;
- ортаның әсерлілігі, әр бала мен ересектің жеке жайлылығы мен сезім қолайлылығы;
- ортаны эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруда үйреншікті және әдеттен тыс элементтерді үйлестіру;
- ашықтық-жабықтық;
- балалардың жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Мектеп жасына дейінгі балаларда «сөйлейтін еден», «сөйлейтін қабырға» және «сөйлейтін төбе» арқылы сөйлеу тілін дамыту балалардың коммуникативті дағдыларын, қиялын, сөздік қорын және шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік беретін қызықты және тиімді әдіс болып табылады.

1. «Сөйлейтін еден»: Сөйлейтін еден - бұл балалар өз ойларын, қиялдарын және идеяларын еркін жеткізе алатын орын. Еденге әңгімелерді немесе жұмбақтарды ынталандыратын суреттер немесе сөздер жазылған суретті, жұмсақ кілемшені қою арқылы қызықтыра аламыз. Балалардан еденге тұрып, суретте не көргендері туралы айтуды немесе сұрақтарға жауап беруді сұраймыз.

2. «Сөйлейтін қабырға»: Сөйлейтін қабырға да қарым-қатынасқа ынталандыратын суреттердің, сөздердің, сөз тіркестерінің, тақырыптардың әртүрлі үлгілерін орналастыруға болады. Балалар қабырғадағы суреттерді немесе карталарды таңдай алады және ол туралы достарына айта алады, олардың мағынасын түсіндіре алады, әңгімелер немесе диалогтар құра алады.

3. «Сөйлейтін төбе»: Сөйлесетін төбені «аспандағы» ойындар мен жаттығулар үшін пайдалануға болады. Мысалы, төбеге әртүрлі заттарды немесе сурет карталарын іліп, балалардан оқиғаларды айтуды немесе нысандарды пайдаланып диалогтар құруды сұрауға болады. Бұл әдіс балалардың қиялы мен шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі.

Сөйлейтін еден, сөйлейтін қабырға және сөйлейтін төбе сияқты әдістер мен материалдар арқылы мектеп жасына дейінгі балалар қарым-қатынас дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, ойларды әңгімеге айналдыру және өз идеяларын жеткізу қабілеттерін дамытады. Бұл әдістер балалардың шығармашылық қабілетін және тілін дамытуға ықпал етеді сонымен қатар оқу процесін қызықты ете алады.

Заттық-дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Заттық- дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы

орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;

- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);

- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);

- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі);

- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);

- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);

- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі). Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы ортаны қалыптастыру керек. Тіл дамыту мәселерін К.Б.Рыбникова, Е.И.Тихеева, Б.Г.Ананьев, Н.И.Жинкин секілді ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған. Алайда заттық дамытушы орта арқылы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту нақты көрсетілмеген.

Қазақ ойшылдары: Т.Шонанұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сонымен қатар кейінірек Б.Баймұратова, А.К.Меңжанова, Р.К.Аралбаева, А.Бақрадинова, С.Н.Жиенбаева, К.М.Меңдаяқова, К.Метербаева, Ш.Сарыбаев тіл дамыту туралы өз еңбектерінде тоқталған. Заттық дамытушы орта арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту туралы зерттеу нысанына алынбаған [2].

Заттық кеңістік орта әрбір балабақшаның материалдық базасына, балабақшаның әкімшілігі, педагогтар мен ата-аналардың қатысуы, талап талғамдарына байланысты жабдықталады. Оны жарқыратып көрсете алу, жоқтан бар жасау, маған анау-керек, мынау керек деп емес қарапайым өндіріске қажетсіз заттар, табиғи материалдар, түрлі қағаздар отбасына қажет емес заттарды да алдырып керемет құрал-жабдықтар жасауға болады. Әсіресе ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрлеріне қатысты материалдарды педагогтар өздері дайындап, балалардың дербес өздігінен әрекет етуіне жағдай жасап отыруға міндетті.

Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру артықшылығы

Заттық-дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Заттық-дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ойыншықтары мен ойынға арналған материалдар:

- қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес болуы;

- баланың дамуына ықпал етуі;

- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес үнемі жаңартылып отыруы, тартымды және сапалы болуы;

- жеткілікті мөлшерде (топтағы барлық балалар үшін), әртүрлі болуы (әр баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра алуы), балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет.

Жұмсақ төсеніштерге топтың кілемдерін қолдануға болады. Балалардың қауіпсіздігін және тазалықты сақтау (салқын күндері кілемді үнемі жуу немесе кептіру мүмкін емес болуы) үшін кілемдердің сыртын қазақтың оюөрнектерімен, геометриялық фигуралармен безендірілген, жұмсақ матадан(велюр, атлас, шыт және басқалар) тігілген тыспен қаптап қоюға болады. Сондай-ақ жұмсақ төсеніштерді балалардың жасына сәйкес құрастырмалы пазлдар, геометриялық фигуралар түрінде, төрт түлік бейнесінде ішін паралоннан сыртын матамен қаптап, қазақтың ою-өрнектерімен безендіріп, сыртын ауыстырып қаптап отыруға ыңғайлы етіп жасауға болады. Балалар жеке төсеп отыратын шағын көрпелерді де ішін мақтамен сыртын төзімді матамен қаптап, жасауға болады. Бұл төсеніштерді топта, сондай-ақ серуенде және жазғы сауықтыру кезеңінде аулаға алып шығып, балалардың ойын және басқа да түрлі әрекеттерінде қолдануға болады.[3]

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы – мұнда балалардың жасына сәйкес ойындарға қажетті мынадай материалдар мен ойыншықтар: ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждарын орналастыру ұсынылады.

Театрландырылған ойындарға арналған бұрыш – мұнда шымылдық, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, қуыршақ, саусақ, үстел үсті, көлеңке және басқа түрлі театрлар, әртүрі мамандыққа арналған балалар киімдерін, кейіпкерлердің костюмдерін және басқаларды орналастыруға болады, балалармен бірге костюмдер, атрибуттар, декорацияларды әзірлеу ұсынылады.

Ойындарға арналған атрибуттарды таңдау, әртүрлі ойын түрлерінде балалардың қызығушылықтарын жүзеге асыруға жағдай жасайды. Дизайнның әсемдігі оның заманауи материалдардан жасалуы мектеп жасына дейінгі балалардың ойнауға деген құштарлығын тудырады. Таңдалған ойын материалы әртүрлі сюжеттерді біріктіруге, жаңа ойын бейнелерін жасауға мүмкіндік береді.

Театрда мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің кейіпкерлерінің күтпеген қырларын көрсете отырып ашылады. Ұялшақ балаларда ойындарға қатысқаннан кейін сенімділік пен белсенділік пайда болады.

Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті баяу ойналатын ойындар орталығына жақын жерден ұйымдастыру ұсынылады. Кітап бұрышын балалардың

күнделікті кітаптарды өздігінен қарастыруға, ондағы таныс шығармаларды бір-бірімен талдауға мүмкіндік беру, күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың пікірлерін тыңдау үшін топта балалардың жасына сәйкес кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио, видео шығармалардан ұйымдастыруға болады.[4]

Кітап бұрышы балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. ықпал етеді.

Тиімді ұсыныс

- кітап бұрышын жасау
- толықтыруға ата-аналарды тарту
- кітапты уақытша пайдалануға үйге беру
- ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау.

Кітап бұрышын демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікке жақын жерде орналастыру балалар үшін ыңғайлы болады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау), сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді), демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, жазық геометриялық пішіндер жиынтығы, көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стақандар мен қасықтар (мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында), әртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, сандар кассасы, санау материалы, санау таяқшалары, сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі, интіректері бар оқу таразысы, электронды зияткерлік ойындар, шахмат, дойбы, 20-25 бөлшекті пазлдар, 100 бөлшекті пазлдар, әртүрлі тақырыптағы лото, суретті домино, дамытушы үстел ойындары, мозайка және басқалар балалардың жасына сәйкес орналастырылады.

Мобильді кітапхана. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың көркем шығарманы тыңдау, түсіну және мазмұнын айтып беру, сондай-ақ балалардың сөйлеуін дамыту мен баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау үшін мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде немесе кабинетте мобильді кітапхана ашуға болады. Онда кітаптарды және педагогтердің алдын-ала әзірлеген ертегілері, шығармалары, өлеңдер, тақпақтар және басқалардың аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) карточкаларға орналастырып, балалардың жасына сәйкес реттілікпен қоюға болады. Мобильді кітапхананы балаларға ыңғайлы жұмсақ төсеніштермен, кресломен, үстел, орындықтармен жабдықтауға болады. Балаларды дамыту мен тәрбиелеуге ата-аналарды тарту үшін, ата-аналар балаларымен бірге шығарманы тыңдауға немесе жаттауға берілген тақпақтарды, өлеңдерді үйде балаға үйретуге жазып алуына және кітапхана қорын құру үшін (аудио жазбаларды балалармен бірге әзірлеу) ата-аналарды баулыған жөн. Мобильді кітапхананы мына сілтемелерден көруге болады.

Табиғат және ғылым бұрышындағы материалдар мыналарды қамтиды:

-балалар бақылайтын және күтім жасайтын тіршілік иелері (бөлме өсімдіктері, үй жануарлары, құстар);

-табиғи нысандар (жапырақтар, бүрлер, тастар, қабықтар, тұқымдар, дәндер, бор, қауырсындар, көмір, микроскоптар, өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы және т.б.);

-табиғат күнтізбесі, табиғат туралы кітаптар (оның ішінде сөйлейтін кітаптар), жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары;

-«дыбыс», «су және ауа», «жылу» тақырыптары бойынша эксперимент жүргізуге арналған құралдар, сондай-ақ магнит, өлшейтін ыдыстар, лупа, матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар),суару

ыдыстары, қопсытқыш таяқшалар, бүріккіш бөтелкелер, өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы және тағы басқалар;

-құм, ойыншықтары бар су. Табиғат және ғылым орталығына балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін оны табиғи материалдан жасалған балалар қолөнері бұйымдарымен, табиғат экспонаттарымен, икебандармен безендіру ұсынылады. Табиғат және ғылым орталығында педагог балалармен бақылаулар, қарапайым тәжірибелер, танымдық, зерттеу, еңбек әрекеттерін, қоршаған ортамен таныстыруды ұйымдастыруға болады. Балалармен танымдық, зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру олардың қоршаған әлем туралы түсініктерін байытуға, зияткерлік және тұлғалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Бұл орталықты қарапайым тәжірибелер жүргізу үшін балаларға арналған жиһазбен жабдықтау қажет [5].

Қазіргі таңда заттық дамытушы ортаның 40-қа жуық түрлері бар.

1. Ғимараттың ішкі жайы, баланың іс-әрекетіне ыңғайлы жабдықтау
2. Күнделікті күтім, ойындар мен жаттығуларға арналған жиһаз
3. Ойындар мен жаттығуларға арналған кеңістікті ұйымдастыру
4. Оңаша қалуға арналған орындар, оңаша ойнау ортасын құру
5. Балаларға арналған кеңістікті көрнекі безендіру (еден, сөйлеуге қажетті көрнекіліктермен безендірілген қабырғалар, төбе т.б.)
6. Ірі моториканы дамытатын ойындарға арналған кеңістік
7. Ірі моториканы дамытуға арналған жабдықтар
8. Балаларға сөздік қорын кеңейтуге көмектесетін құралдар мен жабдықтар
9. Балаларды қарым-қатынасқа шақыру, ойыншықтар, көрнекіліктер ойындарға қажетті құралдар
10. Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітаптарды пайдалануы
11. Балаларды кітаптарды қолдануға ынталандыру

Біріншіден, бұл әрекет құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздеу, заттық дамытушы ортаны құру және әрекетті жабдықтау сияқты дағдылар мен біліктердің жиынтығы болатынын ескере отырып, ойлаудың операциялық стилінің қалыптасуы өз септігін тигізеді.

Екіншіден, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің ойлауын дамыту үшін заттық дамытушы ортаны құруда инновациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдаланады.

Үшіншіден, Инновациялық технология құралы балабақшадағы оқу үдерісінде қолданылуы үшін басқа оқу құралдары тәрізді заттық дамытушы орта талаптарына сәйкес болуы тиіс. Заттық дамытушы орта балаларда оқуға деген эмоционалдық жағымды қатынас тудырады. Заттық-дамытушы орта - бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Қорытындылай келе, мектепе дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың артықшылықтары жайлы сонымен қатар дамытушы ортаны қалай жабдықтау керектігі жайлы және қазіргі таңда заттық дамытушы ортаның түрлері жайлы анықтама айтылды. Баланың сөйлеу тілін дамытуда заттық дамытушы ортаны тиімді пайдалану жолдары жайлы және баланың сөйлеу қабілетін дамытуда оқу іс-әрекетінде заттық дамытушы ортаны жабдықтау әдістері айтылды. Тәрбиеші педагогтардың білім, білік сапасын арттыру және жаңа заттық дамытушы ортаны түрлерін таңдай білуге, одан шығатын нәтижеге қол жеткізу әрбір маманның кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауы. 2021 жылы 1 қыркүйек

2. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы бұйрығы.№70 бұйрығы

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022 - 258 бет.

3. М.Метербаева К. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі»:Оқу құралы / К. Метербаева, Фолиант, 2017. – 184 б

4.Данашева А. Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі //№ 10. - 14 б.

5.Виноградова Н.А. Интерактивная предметно-развивающая среда детского сада: учебник. - М.: Перспектива,— 123 с.

ӘОЖ 14.07.03

БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ҮЛГЕРМЕУШІЛІКТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Жұмабекова Майра Мырзаханқызы

Ainazka1@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «7М01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ 2-курс магистранты, Қызылорда қаласы

Ғылыми жетекшісі – К.С. Кенжебаева

Бастауыш сынып оқушысының жоғарғы жүйке жүйесі мектеп жасына дейінгілермен салыстырғанда айтарлықтай жоғарғы дәрежеде дамыған. Баланың миының салмағы 7 жастан соң едәуір ұлғаяды. Баланың миының салмағы орта есеппен 7 толғанда 1200 грамм, ал 9 жаста 1300 грамм болады, сөйтіп 7-11 жаста мидың әсіресе маңдай жағы бөлігінің көбірек өсетіндігі байқалады. Ми жасушаларындағы қозу мен тежелудің өзара мөлшерлері (оң және теріс индукцияларының өзара көлемі, иррадияция мен шоғырлану заңдылықтары) күрделі болып қызмет атқарады. Әсіресе, балада теріс индукцияның негізінде болатын тежелу үстем алып, осының нәтижесінде кіші оқушы өзін-өзі меңгере алуына мүмкіндік бар. Теріс индукцияның негізінде болатын тежелу санасыз жүзеге асатын болса, онда нәтиже бермейді. Тіпті ойланбай қолайсыз іс жасап қоюы ықтимал. Сол себептен сабақ үстіндегі қарым-қатынаста олардың бұл ерекшеліктерін мұғалім үнемі есінде ұстағаны жөн [1].

Алты жасқа толған бала жалпы жүйелі мектеп оқуына даяр болады. Бұл жаста ол мінез-құлқын саналы меңгере, өзін басқалармен салыстыра бастағандықтан оған жеке тұлға ретінде қарауға болады. Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай оның бойында төмендегідей жаңа психикалық сапалар қалыптаса бастайды:

- қоғамдық маңызды іс-әрекетке араласуға деген ұмтылыс;
- өз мінез-құлқын басқару қабілеті;
- қарапайым қорытындылар жасау біліктілігі;
- белгілі дәрежеде сөйлеуді меңгеру;
- басқа адамдармен өзара қарым-қатынас пен іс-әрекетті ұйымдастыру біліктілігі [2].

Мектеп кезеңіне өту балалардың іс-әрекеті, басқа адамдармен қарым-қатынасында болатын шұғыл өзгерістермен байланысты. Бұл кезде оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады, жаңа міндеттер пайда болады, айналадағы адамдармен қарым-қатынасы өзгереді. Қазіргі бірінші сынып оқушыларының ерекшеліктеріне – мұғалімдермен қарым-қатынасындағы “демократиялық”, мектеп өмірінің нормаларына сәйкес өз мінез-құлқын реттей алмауы жатады.

Мұндай жағдай оқу жылының басында жаңадан келген оқушыларға тән болғанымен, бірінші сынып соңына қарай олардың бойында қойылатын талаптарға қарсы әрекет жасайтындығы байқалады. “Болмайды”, “керек”, “соңына дейін орында” деген ересектердің қатаң бақылауымен қабылданады және орындалады. Мұның барлығы оқушылармен қарым